

«Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицей» КММ  
ХАТТАМА №3  
2021 ж. 28.01  
Ақтау қаласы

### Мектепшілік қамқоршылық кеңесінің отырысы

Қатысқандар:

1. Иманғалиева Г.Б. – мектеп директоры
  2. Сакашева М.Р. - қамқоршылық кеңесінің төрағасы
- Қамқоршылық кеңес мүшелері:
3. Кирьянов И.А.
  4. Каймолдина Д.С.
  5. Туйтин А.Т.
  6. Толықбаева А.Б.
  7. Омарова А.И.
  8. Аракелян С.Г.
  9. Жаксыбаева Л.А. – қамқоршылық кеңесінің хатшысы
- Қатыспағандар - 2

Күн тәртібінде:

1. 2021 оқу жылына мектепке бөлінген қаражат туралы мектеп директорының есебі
2. 2020-2021 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің I-жартыжылдығының жұмысы туралы.
3. Мектеп асханасындағы ыстық тамақ ұйымдастыру туралы.
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры Иманғалиева Г.Б. білім беру ұйымдарына бюджеттен бөлінген қаржы қаражатын жұмсау жөнінде сөз сөйледі. Г. Б. Иманғалиева есепте 2020 жылға барлығы 455 172 700 теңге қаражат бөлінгенін атап өтті. Оның ішінде республикалық бюджеттен 102 504 800 теңге, жергілікті бюджеттен 352 667 900 теңге  
Бөлінген қаражаттың 2020 жылдың 8 айында жұмсалғаны - 292 705 496 теңгені құрады, оның ішінде республикалық бюджеттен - 74 865 263 теңге,  
Еңбекақы және өтемақы төлемдері: РБ - 70 118 230 теңге салықтар мен бюджетке аударымдар - 4 747 033 теңге.  
жергілікті бюджеттен-217 840 233 теңге. Оның ішінде;  
Еңбекақы және өтемақы төлемдері-186 995 160 теңге. Салықтар мен бюджетке аударымдар-16 036 840 теңге.  
149 "Өзге де қорларды сатып алу" ерекшелігі бойынша - 198 855 теңге. (2020 жылға ведомстволық жазылу).  
159 "Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу" ерекшелігі бойынша - 7 141 300 теңге. (оның ішінде өрт сигнализациясына, өрт кезінде дауыстық хабарландыруға қызмет көрсету, бейнебақылау жүйесі, дабыл түймесі, ақпараттық бағдарламаларды сүйемелдеу, қаржылық қызметтер үшін төлем, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, бірінші сынып оқушыларын тамақтандыру және т.б.).  
151 "Коммуналдық қызметтер" ерекшелігі бойынша – 3 826 574 теңге.

152 "Байланыс қызметтеріне ақы төлеу" ерекшелігі бойынша - 650 200 теңге.

161 "Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар" ерекшелігі бойынша» - 87 416 теңге

163 "Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру қорының шығындары" ерекшелігі бойынша - 589 314 теңге.

153 "Көлік қызметтеріне ақы төлеу" ерекшелігі бойынша - 148 000 теңге.

414 "Машиналар мен жабдықтар, құрал - саймандар сатып алу" ерекшелігі бойынша-2 166 416 теңге.

2. Екінші мәселе, бойынша Қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмысы туралы есебі берілді. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері "Мектепке жол" акцияларын дайындау кезінде үлкен көмек көрсетті, олардың қолдауымен кеңсе тауарлары, әлеуметтік санаттағы оқушыларға арналған киім жиналды. Сондай-ақ, биылғы оқу жылында компьютер, ноутбук сатып алуға, интернет жүргізуге көмек көрсетілді. Біздің мектепте қамқоршылық кеңес қолдауымен қайырымдылық жәрмеңкелері өткізіледі. Сондай-ақ, қамқоршылық кеңес тур ұйымдастыруға көмектеседі. Мектепке қажетті құрал-жабдықтарды тасымалдау кезінде балалармен жол жүруге көмек көрсетіледі. Мектептің аумағында Қамқоршылық кеңес көмегімен жылыжай салынып, жабдықталған.

3. Үшінші мәселе бойынша мектеп асханасындағы ыстық тамақ ұйымдастыру туралы әлеуметтік педагог Аубакирова К.Т. айтып өтті. Мектепте тамақтанудың ұйымдастырылуы, мәзірі мен нормалары туралы айтты. Мектеп медбикесі күн сайын бракераж журналына жазба жүргізеді. Шикі және дайын өнімдердің журналдары бар. Мектепте жетім балалар мен аз қамтылған отбасылар балаларына арналған жалпыға міндетті оқу қорынан қаражат есебінен тамақтандыру ұйымдастырылған, (тегін жалпы 192 оқушы тамақтанады, оның ішінде 11 оқушы – аз қамтылған отбасылар ішінен, 181 оқушы – Ісынып оқушылары). Мектеп медбикесі күнделікті дайын өнімнің тәуліктік сынамасын жүзеге асырады.

#### Қаулы:

1. 2021 оқу жылына бөлінген қаражат сыбайлас жемқорлыққа жол берілмей қажеттілігіне қарай жұмсалсын
2. 2020-2021 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін
3. Жоғарыда көрсетілген тізімге кіретін оқушыларды ыстық тамақпен толық қамтамасыз етуді қадағалансын
4. Қамқоршылық кеңесі тарапынан сараптаманы ұйымдастыруы қолға алынсын

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы



Сакашева М.Р.

Хатшы



Жаксыбаева Л.А.